

\*<sup>1</sup> Қарабаева З.М.  <sup>2</sup> Жүзтаева Б.Н.  Әли Б.Қ. 

<sup>1, 2, 3</sup> *Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан*

*E-mail:* <sup>1</sup> [karabaeva\\_zarixan@mail.ru](mailto:karabaeva_zarixan@mail.ru), <sup>2</sup> [zhuztaeva@mail.ru](mailto:zhuztaeva@mail.ru), <sup>3</sup> [bota.alieva@mail.ru](mailto:bota.alieva@mail.ru)

## ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

**Аңдатпа.** Түркі әлемінің елдері, соның ішінде Түркия да, Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыты болып табылады. Екі ел арасында тығыз саяси, мәдени, ғылыми және білім беру байланыстары бар. Қазақ-түрік қатынастарының жекелеген аспектілері әртүрлі авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. Дегенмен, кез келген мәселені зерттеген кезде оның зерттелмеген немесе жеткіліксіз аспектілерін анықтау үшін нәтижелерді мезгіл-мезгіл қорытындылап отыру қажет. Осыған байланысты бұл мақаланың мақсаты – Қазақстан-Түркия қатынастарының ерекшеліктерін тарихнамалық тұрғыдан қарастыру. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет: а) түрік және қазақ зерттеушілерінің еңбектеріндегі Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар мәселелерін зерттеу; ә) орыс тарихнамасындағы Қазақстан-Түркия қатынастарын зерттеудің ерекшеліктерін анықтау; б) армян және қытай авторларының еңбектеріндегі қазақ-түрік қатынастарының негізгі ерекшеліктерін сипаттау. Бұл тақырыпты зерттеуде тарихи-генетикалық талдау, салыстырмалы әдіс және оқиғаларды талдау әдістері қолданылды. Бірге алғанда, бұл әдістер қойылған мақсатқа жетуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижесінде авторлар қазақ-түрік қарым-қатынастары, әсіресе саяси байланыстар, мәдениет, білім беру, ғылым және басқа да салаларда қарқынды дамып келе жатқаны туралы байламға келді. Дегенмен, кейбір авторлардың еңбектерінде атап өтілгендей, екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың жеткіліксіз дамуы Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың қазіргі кезеңіндегі маңызды мәселе болып табылады. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу қазіргі қазақстандық ғылымдағы негізгі тарихнамалық мәселе болып табылады.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Түркия, қазақ-түрік қарым-қатынастары, Түркі Мемлекеттері Ұйымы, түркі мемлекеттері, түркі халықтары, Түрксой, ТүркПА, түрікшілдік, экономикалық және мәдени ынтымақтастық

### Кіріспе

Қазақстанның сыртқы саясатындағы түркі мемлекеттерімен әртүрлі сауда-экономикалық, саяси, мәдени және т.б. байланыстар ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын жүзеге асыру елеулі рөл атқарады. Бұл ретте Қазақстанның түркі елдеріне қатысты саясатында Түркия ерекше маңызға ие. Өйткені халық саны, экономикалық әрі әскери-саяси күш тұрғыдан ықпалды мемлекет болып табылатын Түркия, әсіресе қазіргі күрделі геосаяси жағдайда, Түркі әлемінде маңызды орынға ие. Осыған байланысты Қазақстан мен Түркияның арасындағы қарым-қатынастарының әртүрлі қырлары кейбір авторлар тарапынан зерттелді. Жалпы алғанда, бұл тақырыпты зерттеу әлеуметтік және ғылыми тұрғыдан маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан қарасақ, тарихнамамен байланысты мәселелерді зерттеу кейбір ғылымға жайттарды теріске шығару үшін тиімді. Ғылыми жақтан қарайтын болсақ, тарихнамаға байланысты мәселелерді зерттеу мүлдем зерттелмеген және (немесе) жеткіліксіз зерттелген аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді. Соның ішінде авторлардың ұстанымдары мен көзқарастарын, сондай-ақ зерттеушілерге әсер еткен факторларды (әлеуметтік, саяси және т.б.) ашуға болады. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың әптүрлі аспектілері

көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапса да, тарихнамалық аспектіде сөз болып отырған мәселе, әсіресе қазақ тіліндегі мақалаларда жеткілікті зерттелмеген. Осылайша, мәселенің өзектілігі мен оның ғылыми жарияланымдардағы көрінісінің арасында қайшылық бар. Сондықтан да осы мақала мәселенің кейбір аспектілерін зерттеуге үлес қосады.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада пайдаланылған деректерді төмендегідей топтарға бөлуге болады. Бірінші топқа Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынастарын реттейтін әртүрлі келісімшарттар және т.б. ресми құжаттардың мәтіндері жатады. Түркиядағы Қазақстан елшілігінің қызметкерлері құрастырған және Түркия Республикасының ресми сайтында орналастырылған материалдардан екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен ерекшеліктері жөнінде мәліметтерді алуға болады (Türkiye Dış İşleri..., 2026 – Türkiye Dış İşleri Bakanlığı // <https://www.mfa.gov.tr/default.tr.mfa>). Екінші топқа Қазақстан мен Түркияның ресми өкілдері (президенттер, премьер-министрлер және т.б.) сөйлеген сөздерін, жасаған баяндамаларын және т.б. жатқызуға болады. Бұл деректер тобы екі мемлекеттің арасындағы кейбір өзара ынтымақтастық бағыттардың ерекшеліктерді анықтап нақтылау мүмкін. Сонымен бірге осы мақаланың аясында зерттеушілер жазған ғылыми еңбектер бөлек қосымша топ құрайды. Сан алуан елдерді өкіл ететін авторлардың мақалаларынан бұлардың ұстанымдарын (соның ішінде ғылыми ғана емес, саяси көзқарастарын да) және соған әсер еткен факторларды (діни, тілдік, этникалық, геосаяси және т.б.) көру мүмкін.

Бұл мақаланы жазу үшін материал жинап, соған ғылыми интерпретация жасалғанда, авторлар тарапынан келесі ғылыми әдістер қолданылды. Ең алдымен, әңгіме *тарихи-генетикалық әдіс* жөнінде болып отыр. Осы әдіс мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың, олардың қалыптасуын тарихи тұрғыдан талдауды көздейді. Түптеп келгенде, сөз болып отырған әдіс арқылы қазіргі мемлекеттердің арасындағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мақалада қолданылған *компаративтік әдіспен* мемлекеттердің сыртқы саясатын салыстыра отырып, олардың өзара қарым-қатынастарындағы заңдылықтарды ашуға болады. Үшіншіден, мақаладағы мемлекетаралық қарым-қатынастардағы нақты саяси оқиғаларды (мысалы, президенттер мен премьер-министрлердің ресми немесе жұмыс сапарларын, экономикалық әрі саяси санкциялар және т.б.) зерттеуге бағытталған *ивент-талдау* елеулі маңызға ие. Бұл әдіс арқылы мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жақсы немесе жақсы емес екендігін, сондай-ақ соның себептерін көру мүмкін. Жалпы алғанда, нәтижесінде осы әдістер қойылған мақсатқа жету үшін қолайлы жағдай жасайды.

### Талқылау

Қазақстан мен Түркияның саясат, мәдениет, экономика, қарулы күштер сияқты салалардағы қарым-қатынастарына арналған мәселелер бірақтар қазақ, түрік, ресей, армян, қытай және т.б. зерттеушілерінің еңбектерінде нақты қозғалған (Айтмағамбетов, Гиритлиоглу, Тұрсұн, 2020; Велиева, 2024; Қазақстан-Түркия..., 2012; Надеин-Раевский, 2022а; Надеин-Раевский, 2022б; Овсепян, 2010; Сунь, 2023; Цзинхун, 2022; Ametbek, 2018;;Başçı, 2015; Batmaz, 2004; Kalkan, Vektassova, 2024; Yılmaz, 2017; Yılmaz, 2021a; Yılmaz, 2021b; Yüce, Keleş, 2022; және т.б.). Бірақ өкінішке қарай, сөз болып отырған мәселе тарихнамалық аспектіде зерттелмеген деп айтуға болады.

### Зерттеу нәтижелері

Д.Р. Айтмағамбетов, М. Гиритлиоглу және Х.М. Тұрсұн жазған мақаласында (Айтмағамбетов, Гиритлиоглу, Тұрсұн, 2020) Қазақ хандығы мен Османлы империясының арасындағы қарым-қатынастарға сипаттама беріледі. Мысалы, зерттеушілердің айтуынша, 1713 жылы қазақ делегациясы Ыстамбұлға келіп, сұлтан III Ахмедтің тарапынан қабылданды

(Айтмағамбетов, Гиритлиоглу, Тұрсұн, 2020: 27). Осы жерде айта кетерлік бір жағдай, авторлар, осы екі елдің саяси байланыстары әсіресе XVI–XVIII ғ. бас кезеңінде дамығандығын айта отырып, XX ғ. бас кезеңінде шыққан қазақ газеттерінде Османлы мемлекетінің сыртқы және ішкі саясаты жөнінде жаңалықтар жарияланғандығына ерекше назар аударады. Жалпы алғанда, авторлар қазақ және түрік халықтарының арасындағы саяси байланыстардың ұзақ тарихы бар екендігіне ден қояды.

Қазақстан мен Түркияның арасындағы экономикалық, саяси, мәдени және т.б. байланыстарға арналған ғылыми еңбектердің түрік зерттеушілерінің қаламынан да шыққандығын айтуымыз керек. Жалпы алғанда, түрік зерттеушілерінің еңбектерін бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа осы екі елдің саяси байланыстарға арналған еңбектер жатады (Kazakistan–Türkiye..., 2022; Kalkan, Bektassova, 2024; және т.б.). Сонымен бірге кейбір түрік ғалымдарының еңбектерінде Қазақстан мен Түркияның арасындағы экономикалық мәселелер қарастырылады (Başçı, 2015; Batmaz, 2004; Yüce, Keleş, 2022; және т.б.). Үшінші топқа мәдениет, білім беру мәселелері қарастырылған түрік авторларының еңбектері жатады (Bursa, 2017; және т.б.). Мысалы, Емре Бұрсаның «Türkiye-Kazakistan İlişkileri ve Yüksek Eğitim Politikaları» («Түркия-Қазақстан байланыстары және олардың жоғары оқу орындары саласындағы саясаты») (Bursa, 2017) деген мақаласында түркі мемлекеттерінің жоғары оқу орындары саласындағы интеграция мәселесі талданған. Атап айтқанда, автордың айтуы бойынша, бұл мәселе 2012 жылы Шолпан-Атада түркі мемлекеттерінің білім беру министрлерінің басқосуында талқыланған. 2013 жылы «Түркі университеттері одағының» («Türk Üniversiteler Birliği») ортақ түркі білім беру кеңістігінің қалыптасуына бағытталған принциптері жасақталды, соның ішінде білім беру саласында ортақ стандарт әзірлеу, кадрлар дайындау, өскелең ұрпақты түркі халықтарының бірлігін жақтау рухында тәрбиелеу, университеттердің дипломдарын өзара мойындау және т.б. (Bursa, 2017: 5–6).

Кейбір түрік зерттеушілерінің еңбектерінде Қазақстан мен Түркияның арасындағы қарым-қатынастардың проблемалық мәселелерге ерекше көңіл бөледі. Мысал ретінде Сердар Йылмаздың мақалаларын келтірелік. Мысалы, оның «Kazakistan-Türkiye Ekonomik ve Kültürel İlişkileri: Vaatler ve Gerçekler» («Қазақстан мен Түркияның экономикалық және мәдени байланыстары: күтілген және ақыры шыққан нәтижелер») деп аталатын мақаласы (Yılmaz, 2017) Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың кейбір аспектілерін зерттеуге арналған. Автор ерекше назар аударғандай, осы екі елдің сан алуан саладағы байланыстарын одан әрі күшейтуге бағытталған келісімшарттарға қол қойылғанымен, Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастық әлеуеті бүгінге дейін пайдаланылмайды. Мысал ретінде Сердар Йылмаз Қазақстанның 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саясаты жөніндегі концепциясына көңіл бөледі. Бұл құжатта автор екі бауырлас елдің «ортақ тарихи түп-тамырларының» бар екендігіне назар аударады (Yılmaz, 2017: 816). Сонымен бірге Қазақстанның сыртқы саясатында Түркия Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа Одағы сияқты мемлекеттер мен бірлестіктерден және ТМД елдерінен кейінгі орында тұрады (Yılmaz, 2017: 817). Автордың пайымдауынша, Қазақстан мен Түркияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықта негативтік тенденциялар байқалады. Атап айтқанда, Сердар Йылмаз келтірген мәліметтерге қарағанда, 2012 жылдан кейінгі кезеңде екі елдің арасындағы сауда көлемін ақырын-ақырын азайғандығын көруге болады. Мәселен, Қазақстан Түркияның импортында 35-ші, ал экспортында 43-ші орында тұрады. Түркияның 2016 жылғы экспорт көлемі 143 млрд доллар болса, Қазақстанның үлесі айналасы 0,65% құрайды (Yılmaz, 2017: 818).

Қазақстан мен Түркияның арасындағы қарым-қатынастардың кейбір аспектілері Сердар Йылмаздың кейін жарияланған «Kazakistan-Türkiye İlişkileri» («Қазақстан-Түркия байланыстары») (Yılmaz, 2021a) мақаласында талданады. Ең алдымен автор Қазақстанның XIII ғ. – 1986 ж. кезеңіндегі тарихына, 1923–1991 жылдар аралығындағы Қазақстан мен

Түркияның қарым-қатынастарына және Османлы империясы кезіндегі қазақ-түрік байланыстарына қысқаша сипаттама береді. Сонымен бірге Сердар Йылмаз ССРО ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қарым-қатынастарға да ерекше назар аударады. Бұл ретте зерттеуші саяси, экономикалық, мәдени, әскери байланыстарға, сондай-ақ екі елдің беру беру саласындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына талдау жасайды (Yılmaz, 2021a: 89–112). Осылайша, Қазақстан мен Түркияның 1991–2020 жылдар аралығындағы қарым-қатынастарға, әсіресе екі елдің экономика саласындағы ынтымақтастыққа талдау жасай отырып, Қазақстан мен Түркияның әлеуеті толық ашылмады деген байламға келді. Автордың пікірінше, Түркияның Қазақстанға қатысты нақты бір саясаты болмағандығы осыған әсер еткен фактор болып табылады (Yılmaz, 2021a: 112). Соңғы жылдары екі елдің саяси саладағы өзара байланыстары едәуір нығайып күшейгеніне қарамастан, бұл Қазақстан мен Түркияның экономикалық қарым-қатынастарында көрініс таппай қалды. Сердар Йылмаз келтірген мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның бір жылдық сыртқы саудасында Түркияның үлесі шамамен 2,5–3% құрайды. Қазақстанның 46 млрд доллар құрайтын шетелдегі инвестицияларының басым бөлігі АҚШ алады. Бұл ретте Түркия алғашқы он ел елдің қатарында да жоқ екен (Yılmaz, 2021a: 113).

Сердар Йылмаздың сыни көзқарастыры оның «Kazakistan-Türkiye İlişkilerinin son durumu: hedeflere ulaşıldı mı?» («Қазақстан-Түркия байланыстарының соңғы жағдайы: қойылған мақсаттарға жетті ме?») деп аталатын мақаласында (Yılmaz, 2021b: 113) да көрініс тапқандығын айта кету жөн. Автордың өзінің айтуы бойынша, бұл көлемді мақала оның жоғарыдағы «Kazakistan-Türkiye İlişkileri» («Қазақстан-Түркия байланыстары») (Yılmaz, 2021a) атты мақаласының өзгертілген әрі толықтырылған нұсқасы болып табылады. Өзінің мақаласында екі мемлекеттің экономикалық байланыстардың аса дамымағандығын атап өтіп, Сердар Йылмаз бұл өзекті мәселені шешу үшін қажетті шараларды қабылдауды ұсынады. Оның пікірінше, сол үшін ең алдымен екі елдің арасындаы жүк және жолаушылар тасымалын жеңілдету керек. Сонымен бірге Түркия мен Қазақстанның білім беру саласындағы өзара байланыстарды нығайту жөн (Yılmaz, 2021b: 93).

Ресей авторлары Қазақстан мен Түркияның арасындағы саяси, экономикалық, мәдени және т.б. байланыстарды Түркия мен ССРО ыдыраған соң пайда болған түркі мемлекеттерінің қарым-қатынастары аясында қарастырады. Мысал ретінде В. Надеин-Раевскийдің бір-бірін жалғастыратын екі мақаласын келтірілік (Надеин-Раевский, 2022a; Надеин-Раевский, 2022b). Алғашқы «Пантүркизмнің тарихы және оның қазіргі жақтаушылары. 1-бөлім. Пантүркизм: тарихының негізгі кезеңдері» (Надеин-Раевский, 2022a) деп аталатын мақала автор Османлы империясындағы паисламизм мен пантүркизм идеологияларының дамуына, сондай-ақ ХХ ғ. 40-жылдарының ортасына дейінгі кезеңдегі Түркия Республикасындағы пантүркизм идеологиясын жақтаушылардың қызметіне арналған (Надеин-Раевский, 2022a). Өзінің «Пантүркизмнің тарихы және оның қазіргі жақтаушылары. 2-бөлім Пантүркизм жақтаушылары үміттерінің жаңа кезеңі» атты екінші мақаласында (Надеин-Раевский, 2022b) В. Надеин-Раевский ССРО құлағаннан кейінгі кезеңдегі Түркия мен Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Қазақстан сияқты түркі мемлекеттерінің арасындағы ынтымақтастық мәселесі қарастырылады. Автордың пайымдауынша, түркі мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстан мен Түркияның да, интеграциясына бағытталған бастамаларды ұсынған Қазақстан болды. Мысалы, 2011 жылы түркі мемлекеттері басшыларының Алматыда өткен жиналысында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Түркі Парламенттік Ассамблеясы, Түркі Академиясы сияқты органдарды ашуды ұсынды (Надеин-Раевский, 2022b: 99).

Түркі әлеміндегі пантүркизм мәселесіне тағы бір ресей авторы М.М. Шумиловтың мақалалары арналған. Оның екі бөлімнен тұратын «XXI ғасырдағы пантүркизмнің Орталық Азия түркітілдес мемлекеттері саяси бірегейлігінің қалыптасуына әсері» (Шумилов, 2022a; Шумилов, 2022b). Бұл екі мақалада көбінесе түркі мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстанның ішкі саясатына (қазақ жазу жүйесін латын әліпбиіне көшіру, визуалдық

ақпараттардағы қазақ тілінің қолданылуы, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және т.б.) талданады (Шумилов, 2022а: 47; Шумилов, 2022б: 40–44). М.М. Шумилов Қазақстанның ішкі саясатының негізгі бағыттарын, әсіресе ішінде тіл саласындағы талдай отырып, Қазақстанның бұл саясатының түрікшілдік немесе патүркизм идеологияларына қатысы жоқ деген байламға келді (Шумилов, 2022б: 44). Л. Велиева өзінің «Түркияның Орталық Азия елдерімен ғылыми-білім беру байланыстарындағы өзгерістер» атты мақаласында (Велиева, 2024) Түркия мен түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығына талдау жасалады. Бұл ретте автор Түркия мен Қазақстанның Түркияның қазақ студенттеріне арналған стипендиялық бағдарламаларды жүзеге асыру, түрік университеттерінің Қазақстанда филиалдарын ашу, түркі халықтарының тарихы жөнінде ортақ оқулық жазу сияқты бағыттар бойынша ынтымақтастық мәселесіне көңіл бөледі (Велиева, 2024: 10–11).

Ресей авторларының Түркия мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынастары жөніндегі көзқарастары жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Азия мен Африка елдерінің қазіргі тарихы. XX ғасыр. 1945–2000» атты оқулықта (Новейшая история..., 2004) көрініс тапты. Бұл еңбекте Түркия тарихына арналған бөлімде Түркияның ССРО ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстанға және Әзірбайжан, Түрікменстан, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты түркі мемлекеттеріне қатысты саясатына көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, «Үкіметтің саясатындағы пантүркизм идеялары» атты тараушада авторлар Түркияның сыртқы саясатын сипаттай отырып, бұл елдің бұрынғы одақтас республикалармен ғана шектелмей-ақ, Ресей Федерациясының құрамындағы түркі республикаларына және Молдовадағы Гагаузия қатысты мәдени саясатын күшейтуге тырысқандығына ерекше назар аударады. Яғни тарихшылардың айтулары бойынша, «түркі халықтарының ортақ мәдени және ақпараттық кеңістіктің құрылуына көп мәне берілді» (Новейшая история..., 2004: 13). Қазақстан туралы айтатын болсақ, авторлар төмендегідей жайтқа назар аударады. Яғни 1993 жылғы Анкарада түркі мемлекеттері тілі білімі мамандарының орфография мен әліпби мәселесіне арналған басқосуда 34 әріптен тұратын ортақ түркі әліпбиі қабылданды (Новейшая история..., 2004: 14).

А.П. Романова мен Д.А. Черничкиннің «Түркия мен пантүркизмнің Каспий теңізі өңірінің жаңа ұлттық бірегейліктердің қалыптасуына әсері: Түрікменстан мен Қазақстан мысалында» (Романова, Черничкин, 2024). Авторлардың өздері айтқандай, мақала Түркияның әрі патүркизм идеологиясының Қазақстан мен Түрікменстандағы жаңа ұлттық бірегейліктердің қалыптасуына әсерін зерттеуге арналған. Зерттеушілердің пайымдауынша, соңғы 30 жылда пантүркизм – Түркияның түркі мемлекеттеріне қатысты ықпалын күшейту үшін негізгі идеология. Сонымен бірге Түркі әлемінің саяси күшке айналуы үшін идеологиялық қозғалтқыш («идеологический двигатель») керек. Ал өз кезегінде пантүркизм сөз болып отырған қозғалтқыш болып табылады. Бірақ А.П. Романова мен Д.А. Черничкин ерекше назар аударғандай, қазіргі өзгеріп кеткен геосаяси жағдайда пантүркизм Түркия экспансиясының құралына емес, түркі мемлекеттерінің тіл, дін, экономикалық ынтымақтастық негізінде бірігуіне құралына айналды. Сондықтан да кейбір авторлар қазіргі пантүркизмді сипаттау үшін «неопантүркизм» және «ұжымдық пантүркизм» («коллективный пантюркизм») терминдерін ұсынады (Романова, Черничкин, 2024: 185). Түркия мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынастарды, екі ел ынтымақтастығының негізгі бағыттарын (Түріксоп, Түркі мемлекеттерінің парламентаралық ассамблеясы, Түркі Мемлекеттері Ұйымы сияқты бірлестіктердегі ынтымақтастық аясында) талдай отырып, Қазақстан ортақ институционалдық құрылымдарға белсене қатысады. Қазақстанның бұрынғы үкіметі (Нұрсұлтан Назарбаев кезіндегі) де, қазіргі үкіметі де Түркияның экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық сипаттағы ынтымақтастық ұсыныстарын қуана-қуана қабылдап отырады (Романова, Черничкин, 2024: 190). Сонымен бірге А.П. Романова мен Д.А. Черничкин келтірген мәліметтер бойынша, Қазақстанның қарапайым азаматтары да Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастыққа жақсы қарайды (Романова, Черничкин, 2024: 196–197).

Армян авторы Л. Овсепяның «Түркияның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығының әскери-саяси аспектілері: жалпы даму динамикасы» деген мақаласында (Овсепян, 2010) Түркияның Орталық Азия түркі мемлекеттерімен, соның ішінде Қазақстанмен де, әскери саладағы 2010 жыға дейінгі кезеңдегі ынтымақтастықтың негізгі бағыттары жөнінде мәліметтер келтіріледі (Овсепян, 2010: 97–98, 99). Автордың пайымдауынша, Түркия мен түркі мемлекеттерінің әскери саласында кейбір бағыттар бойынша келісімшарттар жасалса да, «Түркия мен Орталық Азия елдерінің арасында іргелі әскери ынтымақтастық дамып жатыр деп айту мүмкін емес. Түркия әскери кадрларды дайындау және қайта дайындау саласындағы белгілі бір көмек ғана көрсетті, қаржылық гранттар бөлді және әскери өнекәсіп саласында ынтымақтастықты ұйымдастыруға тырысты» (Овсепян, 2010: 100).

Түркия мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынастарының кейбір аспектілері қытай авторларының еңбектерінде қарастырылады. Мысал ретінде Чэнгуан Суньнің «Түркі Мемлекеттері Ұйымы және пантүркизм: кеше, бүгін, ертең» деп аталатын мақаласын (Сунь, 2023) келтіруге болады. Бұл мақалада автор Түркияның Қазақстан мен Орталық Азиядағы басқа да түркі мемлекеттеріне байланысты сыртқа саясатын сипаттау барысында Түркияның өз саяси ықпалын күшейтуге бағытталған саясатын жүзеге асыруына төмендегідей факторлардың кедергі болып табылатындығына назар аударады. Атап айтқанда, ең алдымен әңгіме Орталық Азия, соның ішінде Қазақстанның да ұстанымы жөнінде болып отыр. Яғни автордың айтуы бойынша, «Орталық Азия елдері әрең алған тәуелсіздігін бағалайды және олардың мемлекеттік егемендігіне пантүркизмнен қауіп төнетіндігінен қорқады» (Сунь, 2023: 359). Екіншіден, түрік мемлекетінің экономикалық әрі әскери күші жеткіліксіз болғандықтан, Орталық Азиядағы әскери-саяси ықпалы да шектеулі. Үшіншіден, Түркияның геосаяси мақсаттары бұрынғы ССРО-ның одақтас республикаларымен шектелмей, Қытайдың құрамындағы Шығыс Түркістанды (Шыңжанды) қамтитындықтан, Қытай Түркияның саясатына кедергі жасау үшін қажетті шараларды қабылдауға мәжбүр болады. Төртіншіден, түркі мемлекеттерінің арасында да бақталастық байқалады. Чэнгуан Суньнің пікірінше, мысалы, Орталық Азиядағы экономикалық тұрғыдан ең күшті мемлекет болып табылатын Қазақстан Түркияның «вассалы» бола қоймас (Сунь, 2023: 359–360).

Тао Цзинхунның «Түрік ұлтының қалыптасуындағы түрікшілдік идеологиясы және оның қытай-түрік қарым-қатынастарына әсері» деген еңбегінде (Цзинхун, 2022) Қазақстан мен Түркияның арасындағы саяси, экономикалық және т.б. мәселелер қарастырылмайды. Бұл мақалада автор Түркия мен Қытайдың Шыңжанға байланысты геосаяси мәселені талдайды. Бірақ Шыңжан тұрғындарының елеулі бөлігін қазақтардың құрайтындығын ескерсек, осы жұмыстың Қазақстанға да қатысы бар екендігін көруге болады. Тао Цзинхунның пайымдауынша, Түркияның сыртқы саясатына «лингвистикалық ұлтшылдық» («лингвистический национализм») тән (Цзинхун, 2022: 145). Сондықтан да бұл саяси ұстаным Түркия мен түркі мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынастарда да көрініс табады.

Осылайша, зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде Қазақстан мен Түркия қарым-қатынастарының жекелеген қырлары көрініс табады.

### Қорытынды

Жоғарыда келтірілген материалдардан төмендегідей қорытындылар шығаруға мүмкіндіктер береді. Біріншіден, Қазақстан мен Түркияның арасындағы саяси, экономикалық, мәдени, әскери және т.б. байланыстар қазақ, түрік, ресей, армян, қытай және т.б. авторларының еңбектерінде көрініс тапты. Өздерінің жұмыстарында зерттеушілер қазақ-түрік тарихи байланыстарына (соның ішінде Қазақ хандығы мен Османлы империясының қарым-қатынастарына), Қазақстанның сыртқы және басқа мемлекеттерге байланысты ішкі саясатына және т.б. мәселелерге талдау жасайды. Екіншіден, авторлардың сөз болып отырған мәселеге байланысты еңбектерінде келесідей ерекшеліктер байқалады. Әңгіме негізінен мақалалардың бағдарлылығы жөнінде болып отыр. Қазақ және түрік зерттеушілерінің жұмыстарында Түркия

мен Қазақстанның тікелей қарым-қатынастары жан-жақты талданса, армян және қытай және белгілі дәрежеде ресей авторларының да еңбектерінде екі елдің өзара байланыстары көбінесе Түркі Мемлекеттері Ұйымы аясында қарастырылады. Бұл ретте олар түркі мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстан мен Түркияның да, әскери байланыстары ден қояды. Үшіншіден, кейбір түрік зерттеушілерінің еңбектерінде Қазақстан мен Түркияның сан алуан салалардағы ынтымақтастығының проблемаларына ден қойылады. Бұл ретте олар екі елдің саяси байланыстардың нығаюын атап өтіп экономика саласындағы ынтымақтастықтың жеткіліксіз екендігіне назар аударады.

### **Қосымша**

#### **Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін кейбір ресми құжаттар**

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында Дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттама. 1992 жылғы 2 наурыз, Алматы

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісім. 1992 жылғы 31 қазан, Анкара

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Консулдық конвенция. 1993 жылғы 2 қыркүйек, Анкара

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Достық пен ынтымақтастық туралы шарт. 1994 жылғы 17 қазан, Анкара

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы азаматтық істер жөніндегі құқықтық көмек туралы шарт. 1995 жылғы 13 маусым, Алматы

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Табысқа салынған салыққа қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім. 1995 жылғы 15 тамыз, Алматы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісім. 1997 жылғы 10 қыркүйек, Алматы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен әкімшілік өзара көмек туралы келісім. 2003 жылғы 22 мамыр, Анкара

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. 2009 жылғы 22 қазан, Анкара

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы шарт. 2009 жылғы 22 қазан, Анкара (Қазақстан-Түркия..., 2012).

### **Әдебиеттер:**

Айтмағамбетов, Гиритлиоглу, Тұрсұн, 2020 – *Айтмағамбетов Д.Р., Гиритлиоглу М., Тұрсұн Х.М.* Қазақ-түрік байланыстары тарихының бастапқы дереккөздері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. 2020. № 4 (133). С. 24– 32.

Велиева, 2024 – *Велиева Л.* Изменения в научно-образовательных контактах Турции со странами Центральной Азии // Вестник МГЛУ. Общественные науки. 2024. Вып. 3 (856) . С. 9–16.

Қазақстан-Түркия..., 2012 – Қазақстан-Түркия. Достық пен ынтымақтастықтың 20 жылы / Басылымды әзірлеген Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы Елшілігі. Анкара, 2012. 416 б.

Надеин-Раевский, 2022а – *Надеин-Раевский В.* История пантюркизма и его современные сторонники. Часть 1. Пантюркизм: основные вехи истории // Перспективы. Электронный журнал. 2022. № 1. С. 62–73.

Надеин-Раевский, 2022б – *Надеин-Раевский В.* История пантюркизма и его современные сторонники. Часть 2. Новый этап пантюркистских надежд // Перспективы. Электронный журнал. 2022. № 2. С. 94–108.

Новейшая история..., 2004 – Новейшая история стран Азии и Африки. XX век. В трех частях. Часть 3. 1945–2000 / Под. ред. А.М. Родригеса. Москва: ВЛАДОС, 2004. 272 с.

Овсебян, 2010 – *Овсебян Л.* Военно-политические аспекты сотрудничества Турции со странами Центральной Азии: общая динамика развития // Центральная Азия и Кавказ. 2010. Т. 10. Вып. 2. С. 93–100.

Романова, Черничкин, 2024 – *Романова А.П., Черничкин Д.А.* Влияние Турции и пантюркизма на конструирование новых национальных идентичностей Каспийского региона: пример Туркменистана и Казахстана // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: «Политология». 2024 Vol. 26. № 1. С. 181–206.

Сунь, 2023 – *Сунь Чэнгуан.* Организация Тюркских Государств и пантюркизм: вчера, сегодня, завтра // Образование и право 2023. № 2. С. 357–361.

Шумилов, 2022а – *Шумилов М.М.* Влияние пантюркизма на формирование политической идентичности тюркоязычных государств Центральной Азии в XXI веке (Часть 1) // Управленческое консультирование. 2022. № 6. С. 36–53.

Шумилов, 2022б – *Шумилов М.М.* Влияние пантюркизма на формирование политической идентичности тюркоязычных государств Центральной Азии в XXI веке (Часть 2) // Управленческое консультирование. 2022. № 7. С. 37–49. /

Цзинхун, 2022 – *Цзинхун Тао.* Тюркизм в строительстве турецкой нации и его влияние на китайско-турецкие отношения // История и современное мировоззрение. 2022. Т. 4. №2. С. 141–147.

Ametbek, 2018 – *Ametbek Dinmuhammed.* Türkiye-Kazakistan İlişkilerinin Stratejik Boyutu. Ankara, 2018. 26 s.

Başçı, 2015 – *Başçı Sıdıka.* Türkiye Kazakistan Ekonomik İlişkileri. Almaty, 2015. 22 s.

Batmaz, 2004 – *Batmaz Nihat.* Türkiye-Kazakistan Arasındaki Ticari-Ekonomik İlişkiler, Türk Müteşebbislerinin Bu Ülkede Yaptıkları Yatırımların Boyutu ve Karşılaştıkları Sorunlar // Bahar. 2004. Sayı. 29. Sf. 83–104.

Bursa, 2017 – *Bursa Emre.* Türkiye-Kazakistan İlişkileri ve Yüksek Eğitim Politikaları // Sosyal ve Beşeri Bilimler Dergisi. 2017. Cilt. 1. Sayı. 2. Sf. 1–20.

Türkiye Dış İşleri..., 2026 – Türkiye Dış İşleri Bakanlığı // <https://www.mfa.gov.tr/default.tr.mfa>

Kalkan, Bektassova, 2024 – *Kalkan Erol, Bektassova Madina.* Kazakistan-Türkiye İlişkilerinin Gelişiminde Akıllı Güç // İmgelem. 2024. Sayı. Özbekistan Özel Sayısı. Eylül. Sf. 425–448.

Kazakistan-Türkiye..., 2022 – Kazakistan-Türkiye: Ebedi Dostluk // TÜKİB. 2022. Nisan-Haziran 2 (12). Sf. 6–16.

Yılmaz, 2017 – *Yılmaz Serdar.* Kazakistan-Türkiye Ekonomik ve Kültürel İlişkileri: Vaatler ve Gerçekler // İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. 2017. Cilt. 6. Sayı. 2. Sf. 813–834.

Yılmaz, 2021a – *Yılmaz Serdar.* Kazakistan-Türkiye İlişkileri // 20. Yüzyılda Türkiye-Türk Dünyası İlişkileri. Ankara, 2021. Sf. 83–119.

Yılmaz, 2021b – *Yılmaz Serdar.* Kazakistan-Türkiye İlişkilerinin son durumu: hedeflere ulaşıldı mı? // Avrasya Dosyası. 2021. Cilt. 12. Sayı. 1. Sf. 60–94.

Yüce, Keleş, 2022 – *Yüce Mehmet, Keleş Dilşad*. Kazakistan Ekonomik Yapısı ve Türkiye ile Ekonomik İlişkileri // *Türk Dünyası Akademik Bakış*. 2022. Bahar. Cilt. 2 Sayı. 3. Sf. 1–32.

### References:

Aytmagambetov, Giritlioglu, Tursun, 2020 – *Aytmagambetov D.R., Giritlioglu M., Tursun H.M.* Qazaq-turik baylanystary tarihyryn bastapqy derekkozderi [Primary sources of the history of Kazakh-Turkish relations] // L.N. Gumilev atyindagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Tarih gylymdary. Filosofiya. Dintanu seriyasy. 2020. № 4 (133). P. 24– 32. (in Kaz)

Velieva, 2024 – *Velieva L.* Izmeneniya v nauchno-obrazovatelnyih kontaktah Turtsii so stranami Tsentralnoy Azii [Changes in Turkish scientific and educational contacts with Central Asian countries] // *Vestnik MGLU. Obschestvennyie nauki*. 2024. Vyip. 3 (856) . S. 9–16. (in Rus)

Qstan-Turkiya..., 2012 – *Qazaqstan-Turkiya*. Dostyq pen yntymaqtastyqtyn 20 jily [Kazakhstan-Türkiye. 20 years of friendship and cooperation] / Basyilyimdyi azirlegen Qazaqstan Respublikasyynyin Turkiya espublikasyindagy Elshiligi. Ankara, 2012. 416 p. (in Kaz)

Nadein-Raevskiy, 2022a – *Nadein-Raevskiy V.* Istoriya pantyurkizma i ego sovremennyye storonniki. Chast 1. Pantyurkizm: osnovnyie vehi istorii [The History of Panturkism and Its Modern Supporters. Part 1. Panturkism: Key Milestones in History] // *Perspektivy. Elektronnyiy jurnal*. 2022. № 1. P. 62–73. (in Rus)

Nadein-Raevskiy, 2022b – *Nadein-Raevskiy V.* Istoriya pantyurkizma i ego sovremennyye storonniki. CHast 2. Novyy etap pantyurkistskih nadejd [The History of Panturkism and Its Modern Supporters. Part 2. A New Stage of Panturkist Hopes] // *Perspektivy. Elektronnyiy jurnal*. 2022. № 2. P. 94–108. (in Rus)

Noveyshaya istoriya..., 2004 – *Noveyshaya istoriya stran Azii i Afriki*. 20 vek. V treh chastyah. Chast 3. 1945–2000 / Pod. red. A.M. Rodrigesa [Modern History of Asia and Africa. 20th Century. In Three Parts. Part 3. 1945–2000 / Ed. A. M. Rodriguez]. Moskva: VLADOS, 2004. 272 p. (in Rus)

Ovsepyan, 2010 – *Ovsepyan L.* Voенно-politicheskie aspekty sotrudnichestva Turtsii so stranami Tsentralnoy Azii: obshchaya dinamika razvitiya [Military-political aspects of cooperation between Türkiye and the countries of Central Asia: general dynamics of development] // *Tsentralnaya Aziya i Kavkaz*. 2010. T. 10. Vyip. 2. P. 93–100. (in Rus)

Romanova, Chernichkin, v – *Romanova A.P., Chernichkin D.A.* Vliyanie Turtsii i pantyurkizma na konstruirovaniye novyih natsionalnyih identichnostey Kaspiyskogo regiona: primer Turkmenistana i Kazahstana [The Influence of Türkiye and Pan-Turkism on the Construction of New National Identities in the Caspian Region: The Case of Turkmenistan and Kazakhstan] // *Vestnik Rossiyskogo universiteta drujbyi narodov*. Seriya: «Politologiya». 2024 Vol. 26. № 1. P. 181–206. (in Rus)

Sun, 2023 – *Sun Chenguan*. Organizatsiya Tyurkskih Gosudarstv i pantyurkizm: vchera, segodnya, zavtra [The Organization of Turkic States and Pan-Turkism: Yesterday, Today, Tomorrow] // *Obrazovanie i pravo* 2023. № 2. P. 357–361. (in Rus)

Shumilov, 2022a – *Shumilov M.M.* Vliyanie pantyurkizma na formirovaniye politicheskoy identichnosti tyurkoyazychnyih gosudarstv Tsentralnoy Azii v XXI veke (Chast 1) [The Influence of Pan-Turkism on the Formation of Political Identity of the Turkic-Speaking States of Central Asia in the 21st Century (Part 1)] // *Upravlencheskoe konsultirovaniye*. 2022. № 6. P. 36–53. (in Rus)

Shumilov, 2022b – *Shumilov M.M.* Vliyanie pantyurkizma na formirovaniye politicheskoy identichnosti tyurkoyazychnyih gosudarstv Tsentralnoy Azii v XXI veke (Chast 2) [The Influence of Pan-Turkism on the Formation of Political Identity of the Turkic-Speaking States of Central Asia in the 21st Century (Part 2)] // *Upravlencheskoe konsultirovaniye*. 2022. № 7. P. 37–49. (in Rus)

Tszinhun, 2022 – *Tszinhun Tao*. Tyurkizm v stroitelstve turetskoy natsii i ego vliyanie na kitaysko-turetskie otnosheniya [Turkism in the construction of the Turkish nation and its influence on Chinese-Turkish relations] // *Istoriya i sovremennoe mirovozzrenie*. 2022. T. 4. №2. P. 141–147. (in Rus)

- Ametbek, 2018 – *Ametbek Dinmuhammed*. Türkiye-Kazakistan İlişkilerinin Stratejik Boyutu [The Strategic Dimension of Türkiye-Kazakhstan Relations]. Ankara, 2018. 26 p. (in Tur)
- Başçı, 2015 – *Başçı Sıdıka*. Türkiye Kazakistan Ekonomik İlişkileri [Economic Relations between Türkiye and Kazakhstan]. Almaty, 2015. 22 p. (in Tur)
- Batmaz, 2004 – *Batmaz Nihat*. Türkiye-Kazakistan Arasındaki Ticari-Ekonomik İlişkiler, Türk Müteşebbislerinin Bu Ülkede Yaptıkları Yatırımların Boyutu ve Karşılaştıkları Sorunlar [Trade and Economic Relations Between Türkiye and Kazakhstan, the Scale of Investments Made by Turkish Entrepreneurs in This Country and the Problems They Face] // Bahar. 2004. Sayı. 29. P. 83–104. (in Tur)
- Bursa, 2017 – *Bursa Emre*. Türkiye-Kazakistan İlişkileri ve Yüksek Eğitim Politikaları [Türkiye-Kazakhstan Relations and Higher Education Policies] // Sosyal ve Beşeri Bilimler Dergisi. 2017. Cilt. 1. Sayı. 2. P. 1–20. (in Tur)
- Türkiye Dış İşleri..., 2026 – Türkiye Dış İşleri Bakanlığı [Turkish Ministry of Foreign Affairs] // <https://www.mfa.gov.tr/default.tr.mfa> (in Tur)
- Kalkan, Bektassova, 2024 – *Kalkan Erol, Bektassova Madina*. Kazakistan-Türkiye İlişkilerinin Gelişiminde Akıllı Güç [Smart Power in the Development of Kazakhstan-Türkiye Relations] // İmgelem. 2024. Sayı. Özbekistan Özel Sayısı. Eylül. P. 425–448. (in Tur)
- Kazakistan-Türkiye..., 2022 – Kazakistan-Türkiye: Ebedi Dostluk [Kazakhstan-Türkiye: Eternal Friendship] // TÜKİB. 2022. Nisan-Haziran 2 (12). P. 6–16. (in Tur)
- Yılmaz, 2017 – *Yılmaz Serdar*. Kazakistan-Türkiye Ekonomik ve Kültürel İlişkileri: Vaatler ve Gerçekler [Kazakhstan-Türkiye Economic and Cultural Relations: Promises and Realities] // İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. 2017. Cilt. 6. Sayı. 2. P. 813–834. (in Tur)
- Yılmaz, 2021a – *Yılmaz Serdar*. Kazakistan-Türkiye İlişkileri [Kazakhstan-Türkiye Relations] // 20. Yüzyılda Türkiye-Türk Dünyası İlişkileri. Ankara, 2021. P. 83–119. (in Tur)
- Yılmaz, 2021b – *Yılmaz Serdar*. Kazakistan-Türkiye İlişkilerinin son durumu: hedeflere ulaşıldı mı? [Current state of Kazakhstan-Türkiye relations: have the goals been achieved?] // Avrasya Dosyası. 2021. Cilt. 12. Sayı. 1. P. 60–94. (in Tur)
- Yüce, Keleş, 2022 – *Yüce Mehmet, Keleş Dilşad*. Kazakistan Ekonomik Yapısı ve Türkiye ile Ekonomik İlişkileri [Kazakhstan's Economic Structure and Economic Relations with Türkiye] // Türk Dünyası Akademik Bakış. 2022. Bahar. Cilt. 2 Sayı. 3. P. 1–32. (in Tur)

\*<sup>1</sup> Карабаева З.М., <sup>2</sup> Жузтаева Б.Н., Али Б.К.

<sup>1, 2, 3</sup> Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup> [karabaeva\\_zarixan@mail.ru](mailto:karabaeva_zarixan@mail.ru), <sup>2</sup> [zhuztaeva@mail.ru](mailto:zhuztaeva@mail.ru), <sup>3</sup> [bota.alieva@mail.ru](mailto:bota.alieva@mail.ru)

## МЕЖГОСУДАРСТВЕННЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

**Аннотация.** Страны Тюркского мира, в частности, Турция являются одним из ведущих направлений во внешней политике Казахстана. Между двумя государствами существуют тесные политические, культурные, научные и образовательные связи. Отдельные аспекты казахско-турецких отношений получили освещение в работах различных авторов. Однако при изучении какого-либо вопроса время от времени следует подводить промежуточные итоги для выявления его «болевых точек», неизученных или слабоизученных аспектов. Цель данной статьи – изучить особенности отношений Казахстана и Турции в историографическом аспекте. Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи: а) изучить проблемы связей между Казахстаном и Турцией в работах турецких и казахских исследователей; б) выявить особенности изучения отношений Казахстана и Турции в российской историографии; в) охарактеризовать основные черты казахско-турецких

отношений в работах армянских и китайских авторов. При изучении данной темы были использованы методы историко-генетического анализа, компаративный метод, а также метод ивент-анализа. В совокупности указанные методы способствуют достижению поставленной цели. В результате проведенного исследования авторы пришли к выводу о динамичном развитии казахско-турецких отношений, особенно в области политических связей, сферах культуры, образования, науки и др. Вместе с тем как, как отмечается в работах некоторых авторов, на современном этапе отношений Казахстана и Турции существенной проблемой является недостаточный уровень развития экономических связей между двумя государствами. Изучение отношений Казахстана и Турции является одной из важных историографических проблем современной казахстанской науки.

**Ключевые слова:** Казахстан, Турция, казахско-турецкие отношения, Организация тюркских государств, тюркские государства, тюркские народы, Тюрксой, ТюркПА, пантюркизм, экономическое и культурное сотрудничество

<sup>\*1</sup>Karabaeva Z.M., <sup>2</sup>Zhuztaeva B.N., <sup>3</sup>Ali B.K.

<sup>1, 2, 3</sup> Kazakh Ablai Khan University of International Relations  
and World Languages, Almaty, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup> karabaeva\_zapixan@mail.ru, <sup>2</sup> zhuztaeva@mail.ru, <sup>3</sup> bota.alieva@mail.ru

## INTERSTATE RELATIONS OF KAZAKHSTAN AND TÜRKİYE IN MODERN HISTORIOGRAPHY

**Abstract.** The countries of the Turkic world, and Türkiye in particular, are a key focus of Kazakhstan's foreign policy. Close political, cultural, scientific, and educational ties exist between the two countries. Various aspects of Kazakh-Turkish relations have been covered in the works of various authors. However, when studying any issue, it is necessary to periodically summarize the results to identify its "pain points" and unexplored or poorly understood aspects. The purpose of this article is to examine the specifics of Kazakhstan-Türkiye relations from a historiographical perspective. To achieve this goal, it is necessary to solve the following tasks: a) examine the issues of relations between Kazakhstan and Türkiye in the works of Turkish and Kazakh researchers; b) identify the specifics of the study of Kazakhstan-Türkiye relations in Russian historiography; c) characterize the main features of Kazakh-Turkish relations in the works of Armenian and Chinese authors. In studying this topic, methods of historical-genetic analysis, comparative method, and event analysis were used. Taken together, these methods contribute to achieving the stated goal. As a result of their study, the authors concluded that Kazakh-Turkish relations are developing dynamically, particularly in the areas of political ties, culture, education, science, and others. However, as noted in the works of some authors, the insufficient level of development of economic ties between the two countries is a significant problem at the current stage of relations between Kazakhstan and Türkiye. The study of relations between Kazakhstan and Türkiye is a key historiographic issue in modern Kazakh scholarship.

**Keywords:** Kazakhstan, Türkiye, Kazakh-Turkish relations, Organization of Turkic States, Turkic states, Turkic peoples, Türksoy, TürkPA, pan-Turkism, economic and cultural cooperation

Авторлар туралы мәлімет:

Қарабаева Запихан Мухтарқызы – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Жүзтаева Бибажар Нұрғалиқызы – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Әли Ботагөз Қалиярқызы – Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан тарихы кафедрасы аға оқытушысы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты.

Сведения об авторах:

Карабаева Запихан Мухтаровна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры Истории Казахстана КазУМОиМЯ (Казахский университет международных отношений и мировых языков) имени Абылай хана

Жузтаева Бибажар Нургалиевна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры Истории Казахстана КазУМОиМЯ (Казахский университет международных отношений и мировых языков) имени Абылай хана

Али Ботагоз Калиярқызы – кандидат социологических наук, старший преподаватель кафедры История Казахстана, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

Information about the authors:

Karabaeva Zapikhan Mukhtarovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Kazakh University of International Relations and World Languages named after Ablai Khan

Zhuztayeva Bibazhar Nurgalievna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, Kazakh University of International Relations and World Languages named after Ablai Khan

Ali Botagoz Kaliyarkyzy – Candidate of Sociological Sciences, Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan, Kazakh University of International Relations and World Languages named after Ablai Khan

*Келін түсті 10 ақпан 2026 жыл  
Қабылданды 1 мамыр 2026 жыл*